



T.C.  
İSTANBUL ÜNİVERSİTESİ  
EDEBİYAT FAKÜLTESİ

Türk Dili ve Edebiyatı Bölümü  
Türk Halk Edebiyatı Ana Bilim Dalı



Tel: 02124555700

*«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» филология факультетінің докторанты Қайранбаева Назым Нургельдиевнаның «8D02208 – Түркітану» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» қолжазбасының тілі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына*

### ПІКІР

Қазіргі қазақ әдеби тілінің түп негіздерінен бірі – Орта ғасырдағы түркі жазба ескерткіштері болып табылады, оның ішінде түркітану саласында Ортағасырлық жазба тілінің Арал-Каспи стилдік тармағының ең дамыған тілдерінің бірі ретінде қазақ тілі танылатыны даусыз. Өйткені Қараханлы дәуіріндегі жазба тілден бастап, Ортағасыр жазба тілінің сөз қазынасы шашау шықпаған күйде қазақ тілінің сөз қазынасында сақталып келеді. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасы, синтаксистік ерекшеліктері орта ғасырлардан бастап қалыптасқан жазба тілдің принциптерін жалғастыруда.

Бастапқы «шағатай кезеңінде» тілдің морфологиясында Қараханлы жазба кезеңінен келіп жеткен көне сөз жасалымдары молынан кездеседі. Класикалық кезеңі. Әлішер Науаидің алғашқы диуанының жарыққа шығуымен басталады, әрі Орта ғасырдағы түркі тілінің гүлденуі осы кезеңнің тұсында болады. Үшінші кезеңде «түркі тілінің» дамуы екі жолмен жүре бастайды: біріншісі Науаидың классикалық тілін сақтап қалуға тырысу болса, екінші жолы жаңа түркі тілдерінің ықпалын қабылдап даму болды.

«Түркі тілінің» гүлденуі Әмір Темір әулетінің кезінде орын алып қана қоймай бүкіл Орта Азия кеңістігінше таралып, жергілікті түркі тілдерінің аймақтық ерекшеліктерін де ішкеріп, қамтыды. ХХ ғасырдың басында кеңес үкіметінің Орталық Азияда жүргізген өзгерістеріне дейін «шағатай тілі» жалпы түркі дүниесіне ортақ әдеби тілі болып қала берді.

ХХ ғасыр Кеңестік түркологияда аталмыш ортақ әдеби тіл «шағатай тілі», не болмаса «ескі өзбек тілі» деген атаумен зерттелінгендіктен, оның қазақ тіліне деген қатысы шектелінді, стилдік аясы тарылды. Әрине ескі өзбек тілі, яғни қарлұқ тілдер тобы аясында ғалымдар зерттеулер жүргізе отырып, яғни XV–XIX ғасырлардағы ресми іс-қағаздар мен жазба ескерткіштердің тілі ретінде барынша зерттеулер жүргізді.

Нақты диссертацияда қозғалған мәселелерге тоқтайтын болсақ, Н.Қайранбаеваның зерттеу жұмысында диссертацияның жобасында сараланып, жүйеленген тақырыптық нысандардың басын аша келе ортағасырлық түркі тілі ретінде танылған, «шағатай тілі» деп аталып жүрген жазба әдеби тіл XV ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейін Орталық Азиядағы шығыс түркі халықтарының жазба және сөйлеу тілі болғандығы баса айтады. Көне түркі тілінен кейін қалыптасқан қараханлы тілі барлық түркілердің ортақ жазба тіліне айналды. Қарахан мемлекеті ыдырағаннан кейін сонау руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастау алатын дәстүрлі әдеби тіл – хорезм мен қыпшақ тілдеріне тарамдалды. Осындай процесстің негізінде қазіргі қазақ жазба әдеби тілі дамып шыққан соңғы ортағасырдағы жазба ескерткіштерінің тілі қалыптасты, бұл зерттеу жұмысында назарға алынып, диссертант

тарапынан дәйекті түрде олардың қазақтың мол мұрасы болып табылатыны өте орынды негізделеді.

Яғни, ортағасырлық түркі жазба тілі – Хорасан, Ферғана, Шығыс Түркістан аймақтарындағы әдеби тіл ғана емес, Үндістан, Қазан, Қырым және Осман империясымен ресми қарым-қатынас жасау мақсатында «лингва франка» қызметін атқарған. Ал Самарқанд, Бұхара, Герат, Хиуа, Қоқан, Қашқар сияқты ірі қалалары ортағасырлық түркі жазба тілін («шағатай тілі») дін, әдебиет, фольклор және тарих тілі ретінде қолданылған мәдени орталықтар болғандығы диссертацияда түйінделеді.

Диссертацияда көтерілген бұл пікірдің дәйекті және нақты екенін біз тіпті қазақ тілінің ауыз әдебиеті мұрасына жататын фольклор, ақын-жыраулар тіліндегі орта ғасырдағы түркі әдеби тілінің сарындарының негізінде дамығанын лексикалық бірліктердің қолданылуынан-ақ көруімізге болады.

Диссертант Назым Қайранбаева осындай жазба мұраларымыздың бірі «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» атты еңбектің тілін зерттеу арқылы оның қазіргі қазақ тілінде қаншалықты үлесі бар екенін лексикалық бірліктерді, морфологиялық жасалымдарды жеке-жеке сараптап көрсетеді. Осы арқылы парсы әдебиетінде пайда болған «джанкнаменің» түркі әдебиетінен қаншалықты айырмашылығы бар екеніне тоқтала келе парсы халқы арасында таралған бұл жанр тек дін үшін күресті суреттейтін тарихи туынды болса, түркі әдебиеттерінде «джанкнаме» дін үшін соғыс және қаһармандық оқиғаларын мифологиялық кейіпкерлермен аралас баяндайтын жыр, проза немесе аралас прозамен жазылғандығын дәлелдеп береді.

Қорыта келгенде, Зерттеудің нәтижелеріне сүйенсек «Қисса-и Джанкнаме-и Рисале-и Шах-и Мардан» ежелгі және архаикалық аңыздарды, мотивтерді, ортағасырлық хикаяларды, қазақтың эпостық жырларын, исламдық, тарихи кейіпкерлердің өмір оқиғаларын, жорықтар мен ерліктерді жырлайтын тарихи-діни эпопея деуге болады.

Диссертант Назым Қайранбаева зерттеу жұмысы барысында алға қойған мақсаттарына толығымен жеткен, зерттеу нысанының өзекті тұстарына үңіліп, оның түйінді тұстарын жан-жақты ашқан. Осыған орай диссертация жұмысын қоғауға сенімді түрде ұсынуға болады деген пікірдемін.

Стамбул Университеті,  
Әдебиет факультеті, Қазіргі түркі тілдері  
мен әдебиеттері бөлімінің оқытушы-лекторы,  
филология ғылымдарының кандидаты (PhD)

T.C.  
İSTANBUL ÜNİVERSİTESİ  
EDEBİYAT FAKÜLTESİ  
ÇAĞDAŞ TÜRK DİŞLERİ VE  
EDEBİYATLARI BÖLÜMÜ BAŞKANLIĞI

Ораз Сапашев